

Бір нәрсе айқын Алла тағала жынысы басқа екі адамды әменде бірге өмір сүруге жаратқан. Ал адамзат әулетінің жан-жануардан генетикалық ерекшелігі: тек адамның бойында ғана саналы құмарлық бар. Бұл құмарлық үш негізден тұрады. Ол – жаң сана, тән. Жан ынтығынан достық туады, сана ынтығынан сыйластық туады. Осы үш ынтызарлықтың бірігуінен өмір мен ұрпақ жалғасының берік көпілі – махаббат туады. Бұл жөнінде француз философы Вальтер былай дейді: «Барлық құмарлықтың «көкесі» - махаббат, өйткені, ол бір мезетте басыңды, жүрегіңді және тұла-бойыңды жаулап алады».

Бойына махаббат ұшқыны түскен адам, шын мәнінде, дәрігердің дәрісімен айықпайтын ауруға шалдығады. Өйткені, махаббат жарық дүниені түгел өртеп жіберерлік күші бар сұрапыл жалын іспетті. Осындай жалынды махаббаттың басты ерекшеліктері: оған шыдамдылық көрсете алмайсың, жалындаған ғашықтық ыстық сезім екпінін еш нәрсе тоқтата да алмайды, ол өлімнен де қорықпайды.

Махаббат ауруынан емделудің толып жатқан жолдары бар. Солардың ішінде ең шипалысы – үйлену. Сонымен, махаббаты жарасқан әр жынысты екі адам үйленеді. Содан соң, махаббаттың себебімен олардың тұрмыс-күйі құралады. Сайып келгенде, ерлі зайыпты болып өмір сүру



**Ерлі-зайыптылардың денсаулығы, бақыты мен қайғы-қасіреті жұбайлардың күнделікті қарым-қатынас үндестігіне тікелей сабақтас екені ертеден белгілі. Демек, адам өміріндегі ең негізгі, ең шешуші нәрсе – махаббат. Сондықтан ұлы Абай: «Махаббатсыз – дүние бос, Хайуанға оны қосыңдар», - деп тегін айтпаған. Сонда осы қасиетті «махаббат» дегеніміз не? Оның мағынасын әркім әрқалай түсінеді? Алайда мұны, әсіресе, бүгінгі жастарымыздың кейбірі жете түсінбейтіні рас. Енді осы махаббат сөзінің мағынасын ашып көрелік. Менің пайымдауымша махаббат – жігіт пен қыздың, бәр еркек пен әйелдің бір-біріне деген қалтқысыз ынтық, құштарлығы, сүйіспеншілігі.**

қыз іздейтін жастарға қалайша үндемей қалуға болады. Рас, бойжеткен қыз алдымен жан сұлулығымен қадірлі. Дегенмен, тән сұлулығы – сыртқы көз арбар көрініс. Бұдан басқа адамда жан сұлулығы болады. Ол – адамның ішкі дүниесі, сезім – шынайылығы, мінез – байлығы, пейілі – кеңдігі, ар алдында адалдығы. Тән сұлулығын теңіз бетіндегі көпіршегі мол толқынға теңесек, жан сұлулығы – бұл тереңдегі ағын деуге болады, демек, екеуі екі басқа дүние. Осы теңеулер тұрасында XI ғасырда өмір сүрген бабамыз, ақын, ойшыл ғалым Жүсіп Баласағұн: «Мамық болмай бөксе, мықын білегі, Мамық болсын – мінезі мен жүрегі», - деп үйлесімді аз сөзбен өте түсінікті де ашық айтқан болатын-ды.

Махаббат – адамзат өмірін билейтін әлемдік күштен де айбынды ғажайып адами болмыс. Сонымен бірге махаббат – адамшылық қатынастағы бүкіл әдет-ғұрып пен қоғамның мәдени дамуының да айнасы. Алайда махаббат тек «басқарушы» ғана емес, ол «жетекші» де болып саналады. Сондықтан, махаббат – адам үшін зор көтергіш күш қана емес, ол адам мен қоғамды әрі қарай жетілдірудің Архимедтік дерлік тетігі де боп саналады.

Оқырман қауымға тағы бір ескерте кететін жайт, махаббат пен ерлі-зайыптылардың арасындағы қатынастың екі түрі, яғни олардың өзара бір-біріне әсер етуінде екі

# МАХАББАТ МӘДЕНИЕТІ ХАҚЫНДА

табиғи заңдылық екені белгілі.

Күйеу мен зайып – махаббатпен қосылған ар мен абыройы ортақ жандар. Бұл екеуі енді бұрынғыдай жеке адамдар емес, бірімен-бірі тығыз байланыста өмір сүретін тұтас бір жүз. Демек, махаббат – бөлек екі адамның бірлігі, олардың тілегі мен ықыластарының бірлесуі. Сөйтіп, о баста жалындап туындаған махаббат үйленген соң екі «мен» бір «мен» болып қосылып, өмірлік шын махаббат дәрежесіне жетеді. Сонда күйеу: «менің әйелім – екінші өзім», ал оның зайыбы: «менің күйеуім – екінші өзім» деп айтатұғын болады. Осылай екі адам бір адамдай болғанда махаббат дегеніміз – күйеу мен зайыптың, былайша айтқанда,

ақылды жары болғаны артық; әйел – киелі адам, оның киесі өзін қорлаған еркекті бір атпай кетпейді; жақсы әйел еркектің, бірінші – иманы, екінші – жиғаны, үшінші – ырысының тұрағы; қаздың сусыз тіршілігі жоқ, ал еркектің әйелсіз өмірі – қараң; еркек әйелдің махаббатына ауадай мұқтаж; әйелдің алдында ашулы болған еркек – нашар еркек; басқа әйелдермен әуестену және олармен теріс қылықта қатынас жасау жақсылыққа әкелмейді, әрбір әйел дүниеде аса сирек болатын жан – мейірімді күйеуге жетемін деп талпынуы керек; ер-азамат әйелімен жарасты; бақытты ерлі-зайыпты өмір еркектің тек жайлы жұбайын тауып алуына ғана емес, оның сондай әйелге

қатынастарында бір-біріне деген әуестігін тежеп, махаббатқа жау боп саналатын әр түрлі оқыс кету, өрескел қателік жасау, шалыс сөйлеу сияқты пенделікпен жасалатын жайттарда болады. Осынау махаббаттың жауларын әр жұбай тек өзінің адамгершілік қасиеттерінің артықшылығымен ғана жүгендей алады. Бұл мәселені нақтырақ айтқанда, әрбір екеу ара қарым-қатынаста жұбайлар бір-бірінен сүйіспеншіліктің жарқын сезімін ләззаттанып алуынан олардың ерқайсысы бір-бірінің болмашы жағымсыз кемшіліктерін елемейтін күйде болады. Ол үшін олар бір-біріне бар иждаһатын білдірулері керек. Сөз ыңғайында айта кетсек, ерлі-зайыптылардың күнделікті

зандылық бар. Бірінші: адам махаббатты қандай дәрежеге көтерсе, махаббат та адамды сондай сатыға көтереді. Екінші: махаббат адамды қандай дәрежеге көтерсе, адам да махаббатты сондай биіктікке жеткізеді.

Бірінші жағдайда адам махаббаттан қалайда күштірек сияқты, өйткені, ол махаббаттың көтергіш күшін тежей алады, сөйтіп, оның өзіндік шырқау биіктігіне көтерілуіне жол бермейді. Екінші жағдайда махаббат адамнан күштірек, өйткені, ол адамның қанаттары іспетті болып, адамды оның мүмкіндіктерінен жоғарырақ көтереді. Осы айтылғандардан адамзат баласының махаббаттың планетарлық сарайын тұрғызуға ұмытылары шындық деп



бір адамдан болғанда махаббат дегеніміз – күйеу мен зайыптың, былайша айтқанда, бір-бірімен күнделікті жүріс-тұрыста әртүрлі амал тәтті қылық арқылы сүйіспеншіліктерін білдіру емес, екеуінің өмір бойы бір адамдай үнемі бір бағытпен жүруі.

Шын махаббат – мәңгілік махаббат. Ол ешқашан өлмейді. Демек, мәңгілік махаббат – мәңгілікке берілген бақыт. Ендеше онсыз тұрлаулы өмір болмайды. Сондықтан махаббатқа тағзым етпеу – құдайға тағзым етпегендей күне деуге болады. Қысқасы, ерлі-зайыптылар ғұмырының мәні Алла тағаланың адамзат баласына берген үш асыл сыйлығына тікелей байланысты. Олар: махаббат, денсаулық, байлық (әріне, мүлік байлығы емес, жан байлығы, өйткені атам қазақ айтқандай: мүлік байлығы – қолдың кірі).

Дегенмен, әр жынысты екі адамның өмірде өзіне лайықты қосағын табу – ең бір қиын іс. Мысалы, әбден піскен қарбызды шертпін немесе сыртқы түр-түсінен білу қандайлық қиын болса, сондайлық өмірлік шын сүйгенінді табу да оңай емес. Демек, мұны да еске алған жөн.

Шынайы махаббаттан мынадай ой түйіндері туындайды: махаббат – өмір көрі; сүйсіз өмір – бос өмір; дүниеде өз гашығыңнан сүйкімді еш нәрсе болмайды; гашықтар құшағы ең тартымды хош иіс; махаббат – адамгершілік, адалдық, әділдік, ақпейілділік, пәктік, мөлдір тазалық, ұлы іңкәрлік сияқты адам жанының жанары; махаббатпен кіммен қарайсаң – сонымен ағар; махаббат жоғалғанда өмір мәнінен айырылады; мәнді махаббат – нұр сәулелі шұғыласын көптің назарынан жасыру мүмкін емес асыл тас; махаббат тек оның бар екендігіне сенетін адамға ғана қонады; махаббатпен үйлену – мазасыз жанның ұлы дертіне қарсы қолданылатын ұлы табиғи дәрі; некелі екі жұбай бірін-бірі саналы түрде сүйгенде олардың бар жігері, әлбетте, адамзат баласына тек жақсылық істеуге ғана жұмсалыады. Махаббатты осылай деп есептеп айта отырып, алайда оның жалған түрі болатынын да айту лазым. Атап айтқанда, кейбір адамдар жеңілтектік сезімге әуестеніп, өткірші құмарлықпен «мен сені қалтқысыз сүйемін» деп өлердегі сөзін айтқандай үзіліп ерлі-зайыпты болады. Осындай жеңілтек жігіттер тұрасында Абай атамсыз былай дейді: «Қызды сүйсең, бірді-ақ сүй, таңдап жүріп, Көрсө қызар, күнде асық - дуаналық». Мұндай махаббатқа дұшар болғандар күндердің-күнінде әр түрлі себептермен ажырасып кетеді, не болмаса көңілбайлықпен ит-ыргалық жағдайда әрі қарай бірге өмір сүре береді.

Енді «әйелдердің құлағына алтын сырға» деп «құйма құлақ» еркектерге махаббат мәдениетіне қатысты мынадай уағызды сөздерді айта көтелік: әйелді «ол – жар, ол – ана» деп қарамаған еркек өз шырағын өзі сөндірді; әйелдің махаббатымен сусындамаған еркек нағыз мәнді өмір сүрдім деп айта алмайды; еркектің ұшан-теңіз байлығы болғанша,

ты өмір еркектің тек жайлы жұбайын тауып алуына ғана емес, оның сондай әйелге қолайлы күйеу болуына байланысты; өз әйелін оңды деп санаған еркек – өте ғажап еркек; қатынқұмар еркек әйелдің әдемісіне төсіле қарайды; ер-азамат – отбасының тірегі, әйел – жүрегі; әйелді – әйел деп қомсынба, өйткені онсыз еркекте күй болмайды; еркектің өзіне қорған алтын діңгегі – өзінің әйелі; еркектің жақсы атын да, жаман атын да шығаратын әйел; әйелдің махаббаты еркектің махаббатынан да күштірек; жақсы әйелмен еркек жасарады, сондай-ақ жақсы күйеумен әйел де қыздай болады; әйел – еркектің қанаты, сондықтан еркек еркін самғау үшін екі қанат керек; әйел – еркектің ең сенімді досы; күйеуін сыйлайтын әйел тесік түймедей жерде қалмайды; дау-көс әйелмен ешбір еркек салғыласпақ түгіл, шәукілдесе де алмайды; әйелді денесімен емес, ісімен мадақтаған дұрыс; ізгілікті әйел – дүниедегі бар байлықтан артық; еркектің ұрысқақ әйелін жеңетін ең күшті құралы – онымен сөз таластырмай үндемей қалуы; жұмсақ әйел шаңқылдақ болмайды, оның биязы үні күйеуінің құлағына тым жағымды; күйеу үшін игі әйелінен асқан бақыт болмайды; еркек моп-момын әйелінен артық мол игілікке ие бола алмайды; әйел берекелі, рыздыққа, қонақжай болса еркектің шаңырағына қызыр қонады, бақ дариды, ал әйелі берекесіз, қабағы қатулы, үйінен «ызғар ысықсыра» құт қашады, сонда басы алтын, арты күміс еркектің де көрген күні күн емес түн болады; ұрысқақ әйелдің күйеуі тез қартайды; күйеу – қызметкер, әйел – тас қалаушы, еркек кірпіш әкеледі, бұдан әйел бірдеме салады, осы тәртіппен отбасының берік негізі қаланады; әйел өзін бір рет қатты ұрған күйеуінен ажырасып құтылса да, жиі ұратын күйеудің қолына түсуі мүмкін; әйелі жоқтың – жанашыры жоқ, күйеуі жоқтың – жұгі ауыр; еркек өзін қандай жақсы көрсе, жұбайын да сондай жақсы көруі абзал, осындай жоғары адамгершілік әйелде де болуы шарт; ерлі-зайыптының арасында әлдеқалай бір қатты кикілжің бола қалса махаббатты тот баспауы үшін екеуінің бірі өз қосағына бір рет кешірім жасаса, ол он рет ұтады.

Осы айтылған тәлімдік сөздерді әйгілі капиталист Генри Фордтың мына сөзімен қорытындылаған деп сияқты.

Бірде Фордтан «Сіз өмірге қайта келген жағдайда кім болғанды қалар едіңіз?» - деп сұрағанда ол: «Кім болсам да бәрібір, тек осы әйеліме қайта жолықсам болғаны», - деп жауап береді.

Жалпы, махаббат мәдениеті туралы өңгіме өте терең, кеңі көлемді тақырып екені даусыз. Сонымен, ұзын сөздің қысқасы, некелі еркек пен әйел арасындағы қарым-қатынаста олардың бір-біріне қамқорлық жасауға жомарттығы, өлеумешілік байқатуға сараңдығы, жылылық сезімдерінің суымауы салқындық білдірмеуі – махаббатты өмір бойы сақтайтын моральдық мінез қылықтар деп ой түйеміз. Ерлі-зайыптылардың күнделікті қарым-

білдірулері керек. Сөз ыңғайында айта кетсек, ерлі-зайыптылардың күнделікті қарым-қатынастарында жеңіл-желпі дау-дамай бола қалғанда жұбайлардың бір-біріне көктеніп, қабақтары келіспей қалатын кездері де болады емес пе? Осындай жағдайдан шығудың жолы жайында Қаз дауысты Қазыбек Шындаулет биден «Әйел мен еркектің көгі нөмен тарқайды?» - деп сұрағанда оның берген жауабы: «Ол төсекпен тарқайды». Сөз жоқ, сүйіспеншілік сезімнің түйсетін тұсы да, тірелетін жері де – төсек. Себебі, қазақ халқының этикалық жаратылысынан бастау алатын ұғымында жар қызығын көру, ұлы сөзде ұят жоқ, тек жыныстық қатынас кезінде ғана сезіледі. Өйткені жар төсегінде жан рахаты мен тән рахаты үндескен кезде еркек пен әйел жаңа қосылғандай сезімде болады. Демек, жынысы басқа екі адамның арасында махаббаттың пайда болуына табиғаттың рухани тартылыс күші жетелейді. Яғни, жар төсегі ерлі-зайыптылардың махаббатпен табиғи түрде бір адамдай болып бірігуіне ықпал етеді.

Осы тұста айырықша ескертіп өтер бір өңгіме бар. Жасыратыны жоқ, сүйіп қосылған екеудің бірі кейін басқа адаммен жыныстық қатынас жасауы мүмкін. Сонда мұндай күнеға батқан жұбайлардың арасында махаббат тұрақтылығы сақтала ма? Жоқ, сақталмайды. Қазақи ұғым-түсінікте отбасын құрған еркек пен әйел бірін-бірі кем тұтпауы керек. Бұл – біздің халқымызда ертеден қалыптасқан тарихи-әлеуметтік ақиқат. Ендеше басызда «мен сені сүйемін, сенімен өмірлік біргемін» деп айтқан, сөрт беріп, кейін оны аяққа басып, біреудің төсін аймалаған адамды кім деуге болады? Ол – тіршілік сабақтығының негізі саналатын жыныстық қатынасты кие тұтпаған батыс елдеріндегідей қатынқұмарлыққа ұшыраған көргенсіз адам. Мұндай адамның жаны мен рухында тазалық болмайды. Сонда оның хайуаннан қаншалықты артықшылығы бар? Жеке өзінің құштарлығын басқа адаммен басқарып келген адам, әлбетте, өз отбасына қуаныш әкелмейтіні анық. Некелі жұбайынан басқа адаммен ойнас жасайтын ерлі-зайыптылар арасында махаббат мүлде үзіледі. Сондықтан олар ажырасып кетпін жан күйігін басады, не жалған махаббатпен, жоғарыда айтқанымыздай, бірін-бірі алдандарба, ырың-жырыңды тіршілікпен күн көшеді. Махаббатты қорлаумен қатар өзі де рухани жараланған адамдарға құлаққағыс ретінде мына бір жайтты айтсақ артық болмас. Бірде ежелгі грек ойшылы, математик Пифагордың әйелі Феонодан біреу: «Еркекпен жанасып рахатқа батқан әйел неше күннен кейін тазарады?» деп сұрағанда, ол: «Некелі күйеуімен болса – сол сәтінде-ақ, бетін еркекпен жатса, ешқашан тазармайды» деп жауап беріпті.

Бір күні әлдеқалай таныс бозбалаға: «Әй, сен неге үйленбей жүрсің?» деп сұрақ қойғанымызда, ол: «Сұлу қызды таба алмай жүрмін, ата» деп, ойынды-шынды күле жауап берген еді. Енді осы бозбаладай сұлу

көтереді. Осы айтылғандардан адамзат баласының махаббаттың планетарлық сарайын тұрғызуға ұмтылары шындық деп қорытынды жасаймыз.

Қазіргі уақыттағы нарықтық экономиканың аса жедел даму үдерісі мен жаһандану дәуіріндегі шұлы дүние ағымында туындайтын әлеуметтік сілкіністер адам жүйкесіне шамадан тыс ауыртпалық түсіретіні белгілі. Осы тұрғыдан қарағанда, әсіресе, еркектердің жағдайы бізді қатты алаңдатады. Өйткені, бүгінгі жедел өзгермелі ренессанстық кезеңде еркектердің орташа ғұмыр жасы алпыс жылға да жетпейді. Бұл – ащы шындық. Сондықтан әрбір адам өзін-өзі сақтау үшін махаббат мәдениетінің қыр-сырын да жақсы білгені жөн. Ерлі-зайыптылардың арасындағы дау-дамайды болдырмауда, басуда, бейтараптандыруда, отбасын сақтауда жөне қазіргі еркектердің мойындарындағы қат-қабат қиындықтарды жеңілдету жолында әйелдердің рөлі өте-өте зор екені анық. Осы орайда бір кезде әйелдерге: «Еркектерді сақтандар!» - деп, көздейсоқ айтылмаған ұран бүгінде де әбден орынды ескерту деуге болады.

Өңгімеміздің соңында тақырыбымызға тікелей қатысы бар ғылыми тұрғыда анықталған екі шындықты жастарымыздың есіне салғым келеді. Бірінші шындық – отбасын құрғысы келген бозбала мен бойжеткеннің қандары бір-біріне сәйкес болуы. Мысалы, кейбір әйелдердің 10 бала тапса да ажарының сынбайтыны, өмірге жақсы ұрпақтың келуі ерлі-зайыптылардың қандарының бір топта болуынан өкеш. Мұны да қазақ өлімсақтан білген Бұған атам қазақтың: «Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз» және Бұқар жыраудың: «Жаман қатын алсаңыз, Топқа барар ұл тумас» дегендері дәлел болғандай. Екінші шындық – үнемі ұрыс-керіспен тұратын ерлі-зайыптыларға бойларындағы дерттен жазылуы үшін әдеттегіден екі есе артық уақыт керек.

Жоғарыда Бұқар жыраудың өпен жолдарында айтылған «жаман қатын» деген сөзіне қарап, «жаман еркек» болмайды дей алмаймыз. Осы екі жаманға байланысты орыстың ұлы жазушысы Л.Н.Толстойдың: «Ең жақсы еркектен – ең жақсы әйел жақсы, дегенмен ең жаман еркектен – ең жаман әйел жаман», - деп айтқан сөзінің түп мағынасын ашуды оқырмандарға қалдырсақ деймін.

Анығын айтар болсам, мен осы мақаланы жас жетпістен асқанда махаббатым тасқандықтан жазып отырған жоқпын. Жасыратыны жоқ, бүгінгі күні ертеңгі еліміздің болашағы – жастарымыздың арасында келеңсіз жайттарға барып жүргендері көбейе түсуде. Солардың ішінен осы мақаланы кемі екі-үшеуі ғана оқып шығып, содан өздеріне аз да болса фибрат алса, менің азаматтық міндеттерімнің бірі орындалды дер едім.

**Серік ЖАҚСЫБАЕВ,**

**Екібастұз қаласының құрметті азаматы, Қазақстан журналистер одағының**

**мембері**